

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ**



Бекітілді

Департамент кеңесінде
Хаттама №10 «17» 05 2020ж.

Департамент директоры



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП / ГОДОВОЙ ОТЧЕТ

Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы

2019/2020 оқу жылы/учебный год

Алматы, 2020 ж/г.

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

1. **Кафедраның жалпы сипаттамасы** (*кадрлар потенциалы, ПОҚ-ның сандық-сапалық көрсеткіші*)
 2. **Оқу үдерісі** (*ПОҚ-ның педагогикалық жүктеме сағатының жоспарлануы және орындалуы, білім алушылар контингенті, үлгерімі*)
 3. **Уәкілетті органдармен байланыс**
- Қосымша (фото есептер)**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі
Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының
2019-2020 оқу жылында атқарылған іс-шаралары туралы**

ЕСЕБІ

1. Кафедраның жалпы сипаттамасы.

2018 жылы 23 мамырда Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде кафедраның ашылуымен орай, «ҚХА XXVI сессиясы мен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Бес әлеуметтік бастамаларын жүзеге асыру бойынша міндеттер» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігінің ҚХА Хатшылығының меңгерушісі – Прокопенко Леонид Андреевич, Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры – Балықбаев Такир Оспанұлы, ҚР ҚХА кафедралары ассоциациясының президенті – Башмаков Анатолий Афанасьевич, Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелері, республикалық және қалалық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен мүшелері, Алматы қаласы ҚХА Қоғамдық келісім кеңесінің, Алматы қаласы ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің мүшелері, ҚХА кафедралары ғылым зиялылары мен жастар қатысты.

Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы Республика көлеміндегі Ассамблея кафедраларының құрамында жұмыс істейді. Кафедра этносаралық келісімді, мәдениетаралық диалог пен Қазақстан халқының ары қарай бірігуін сақтаудағы жоғары ғылыми әлеуетке ие, келешегі зор құрылым Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы 2018 жылғы 23 мамырда ашылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің өзара түсіністігі мен ынтымақтастығы туралы Меморандумға қол қойылды. Қол қойған тұлғалар: ҚХА кафедралар Ассоциациясының төрағасы, э.ғ.д., профессор А.А.Башмаков және Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, п.ғ.д., профессор Т.О. Балықбаев. Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының құрылымы университеттің штаттық кестесімен анықталып, жұмысы ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Кафедра меңгерушісі-ф.ғ.к., доцент Г.П.Шаһарман.

Ассамблея кафедрасы университеттің құрылымдық бөлімшесі ретінде Тәрбие жұмысы және әлеуметтік даму проректорының қарауында жұмыс атқарады.

Кафедраның материалдық базасы жоғары деңгейде. Кабинетке күрделі жөндеу жасалған.

Кафедраның саяси мазмұны ескеріле отырып, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтылған.

Жаңа пәнді «Т.С.Садықов атындағы Қазақстан тарихы» мен «Саясаттану және Әлеуметтік-философиялық пәндер» кафедрасының профессор-оқытушылары ҚХА кафедрасы базасында жүргізеді. Мамандар құрамында 1 саясаттану ғылымдарының докторы, профессор; 1 саясаттану ғылымдарының кандидаты, профессор; 2 тарих ғылымдарының кандидаттары, доцент; 1 саясаттану ғылымдарының магистрі, оқытушы және 1 гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушысы сабақ береді. Кәсіби деңгейлері біліктілік талаптарына сай келеді. Кафедраның ғылыми әлеуеті – 80%.

2. Оқу үдерісі (ПОҚ-ның педагогикалық жүктеме сағатының жоспарлануы және орындалуы, білім алушылар контингенті, үлгерімі). Кафедра 2020-2021 оқу жылынан бастап «**Этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі**» арнайы курсы енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының 2020/2021 оқу жылына арналған профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесі- 2.0 штаттық бірлік, 2 кредит, 52,75 сағат. Жаңа пәннің оқу-әдістемелік жобасы жасалып, силлабустары толықтырылды. Арнайы пән бойынша әдістемелік оқу құралдары әзірленуде. Пәнге сәйкес ғылыми мақалалар жарияланып, дін өкілдерімен, құқық қорғау өкілдерімен семинарлар өткізілді.

№	Оқытушы проф. аты-жөні	Қызметі	Бірлік саны	Ауд.кредит саны	Кредит саны	Ескерту
1	Ишпекбаев Ж.Е.	с.ғ.к., профессор	0,25	2,87	5,75	қосымша
2	Симтиков Ж.Қ.	с.ғ.д., профессор	0,25	2,87	5,75	қосымша
3	Ермуханов Е.Н.	т.ғ.к., доцент	0,25	2,87	5,75	қосымша
4	Оспанова Р.Р.	т.ғ.к., доцент	0,25	2,87	5,75	қосымша
5	Қарғаев Қ.А.	магистр, оқытушы	0,5	7,15	14,25	қос қызметтілік
6	Ағыбаев А.Б	магистр, оқытушы	0,5	7,7	15,5	қосымша
	Барлығы:		2,0	26,33	52,75	
	Вакансия:					

Арнайы курс университеттің педагогикалық емес барлық мамандықтарында, орыс, қазақ бөлімдерінде, 1-курстарда жүргізіледі. Қазақ бөлімдерінде – 1691 студент, орыс бөлімдерінде-160 студент оқиды. Үлгерімі 90%.

2. Уәкілетті органдармен байланыс. Ассамблея кафедралары Ассоциациясымен, АҚДМ Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтымен, этномәдени бірлестіктермен жүйелі түрде, тұрақты жұмыс жүргізіледі. Қазіргі пандемия жағдайында онлайн форматында жұмыс жалғасуда. Ассамблея кафедрасы базасында Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерінің қонақтық дәрістері оқытылады. « Барбанг» күрд этномәдени бірлестігінің жетекшісі, Ассамблея мүшесі, профессор К.И. Мирзоев 2020 жылдың 30 сәуірінде, онлайн режимінде студенттерге « Бір мақсат, бір

мүдде» тақырыбында дәріс оқыды. 2021 жылдың сәуір айына «Ахысқа» түрік этномәдени бірлестігінің орынбасары, Қ.Т. Қасимовты шақыру жоспарланып отыр.

Кафедраның жетекшілігімен университетте студенттік «Бірлік» Ассамблеясы жұмыс істейді. **«Бірлік» Ассамблеясының** 30 студенттен тұратын тұрақты белсенділер тобы бар. Олар университеттің жеті институтынан құралған. Университет бойынша жалпы 399 өзге ұлт студенттері оқиды. Студенттер арасындағы өзге ұлт өкілдерінің саны – 399. Оның ішінде орыс ұлты – 134, ұйғыр ұлты -127, өзбек -54, корей-16, татар - 15, түрік -12, әзербайжан -7, тәжік -7, украин -5, күрд -4, дүнген -3, неміс, ингуш, грек, чешенде -2-ден, қалған ұлт өкілдері бір-бірден. Олардың әрқайсысы өздерінің этно-мәдени бірлестіктерінің қалыпты жұмыс істеуіне, дамуына мүдделі және әрдайым іс-шаралар арқылы үлес қосуға тырысады. Өзге ұлт студенттерінің үштен екісі мемлекеттік тілде түсінеді, үштен бірі қазақша еркін сөйлейді. Бұл студенттердің ел тұтастығы мен азаматтық қоғам бірегейлігін қалыптастырушы фактордың бірі ретіндегі - мемлекеттік тілді дамытуға қосып жатқан үлестері. Көрсеткішке қол жеткізу қазақ тілі сабақтары мен сөйлеу мәдениеті курсына жүзеге асырылады. Нәтижесінде университетте, қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі байқау, жарыстарда жүлделі орындарға ие болып жүр. «Бірлік» Ассамблеясының студенттері университеттегі жоспарлы және жоспардан тыс атқарылатын іс-шараларға үнемі қатысып отырады.

5 қыркүйек 2019 жыл. Дәстүрлі түрде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысына сәйкес, Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Өссе тілім, мен де бірге өсемін!» атты мерекелік шара өткізеді. Іс-шараның мақсаты тілші-ғалым А.Байтұрсынұлының туған күніне орай Тіл мерекесін өткізіп, ұлттық құндылықтың бірі ретінде мән-мағынасын түсіндіру.

25.10.-02.11.2019ж. аралығында Абай атындағы ҚазҰПУ және Оңтүстік Корея елшілігінің басшылығымен «Нәсілдік диаспоры» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен **Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу байқауы** өткізілді. Алматы қаласы бойынша бірнеше оқу орындары қатысты. Абай атындағы ҚазҰПУ студенттері де қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша поэзия жанрынан 1-ші орынды Филология және көптілді білім беру институтының 2 курс студенті Нұрлыбай Балнұр, 2-ші орынды 1 курс студенті Мадина Түлеген иеленді. Оңтүстік Корея елшілігі ризашылығын білдіріп, жүлделі орындарды арнайы сыйлықтармен марапаттады. Іс-шараға Филология және көптілді білім беру институтының оқытушылары Айжан Қартаева, Ерлан Қасенов және ҚХА кафедрасының меңгерушісі Гүлжиһан Шахарман қазылық етті.

12 желтоқсан 2019 ж. Ел тәуелсіздігінің 28 жылдығы қарсаңында Филология және көптілді білім беру институты Академик С.Қирабаев

атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы мен «Бірлік» Ассамблеясы бірлесе отырып, студенттер арасында «Тәуелсіз елім – тірегім» тақырыбында мерекелік танымдық кеш өткізді. Студенттердің күшімен сахналық қойылым көрсетіліп, кеш тақырыбына сай әндер шырқалды. Мақсаты: Жастарға тәуелсіздіктің маңызын терең түсінуге ықпал ету. Зал арнайы плакаттармен безендіріліп, желтоқсан оқиғасынан сыр шертетін бейнематериалдар ұсынылды. Кеш соңында ұйымдастырушы ұстаз Қ.Қалыбаева мен Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Қасенов қатысқан студенттерге алғыстарын білдіріп, тәуелсіздіктің мәніне терең түсінік беріп өз ойларын тұжырымдады.

4 ақпан 2020 ж. Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы және Студенттік «Бірлік» Ассамблеясының ұйымдастыруымен ғұлама, ойшыл Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналған «Абайдың қара сөздері – халық мұрасы» тақырыбындағы әдеби – танымдық кеш өткізілді. Бұл шараға университеттің «Бірлік» Ассамблеясы құрамындағы студенттері қатысып, Хакім Абайдың қара сөздерін мәнерлеп айтып, ақынның терең философиялық ой-тұжырымдарын өз түсініктері бойынша ортаға салды. **Мақсаты:** Абайдың қара сөздері бойынша студенттердің пайым-түсініктерімен ой бөлісу.

30 сәуір 2020 ж. Биылғы оқу жылында дәстүрлі этнофестиваль ерекше ұйымдастырылды. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Тәрбие департаменті, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы және студенттердің «Бірлік» Ассамблеясының ұйымдастыруымен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығы аясында 1-Мамыр Қазақстан халқының Бірлігі күніне арналған «Бір үйдің баласындай» ONLINE этнофестивалі өтті. Бұл мәдени шараға студенттердің Кіші Ассамблеясынан 40-тан аса студент қатысты. Олардың ішінен 7 ұлттың өкілдері 2-3 студенттен бірігіп, әрқайсысы өздерінің этномәдени бірлестіктерінің өмірінен сыр шертетін мәліметтерімен бөлісті. «Біздің ұлттың тамыры» атты 1-номинациясында әрбіреуі өз этносының тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті, танымал тұлғалары туралы ақпаратты ерекше мәнермен баяндап берді. 2-номинацияда ұлттық өнерлерін көрсетіп, әсем әндері мен мың бұралған билерін, өздеріне ғана тән халықтық әуендерін ұсынды.

7 мамыр 2020 ж. «Ерлер есімі- ел есінде» тақырыбында өзге ұлт студенттерінің арасындағы ЭССЕ байқауы өтті. Бұл шараға Педагогика және психология институтының орыс тобының 34 студенті қатысты. Қатысушылар Ұлы Отан соғысындағы Қазақстандық батырлар мен ардагерлердің ерлігін баяндады. Сонымен қатар өздерінің аталарының ерлік әрекеттерімен жазбаша бөлісті. Ең бастысы, студенттер Ұлы Жеңістің маңызын көрсете білді. Нәтижесінде үздік шыққан 5 студент алғыс хатпен марапатталды. Байқаудың мақсаты: Екінші дүниежүзілік соғыс батырлары мен ардагерлерінің ерлігін еске алу. Өз аталарының ерлік әрекеттерімен жазбаша бөлісуболды.

«Бірлік» Ассамблеясы құрамындағы өзге-ұлт студенттеріне мемлекеттік тілді терең меңгеруге арналған қазақ тілінен пилоттық режимде **«Сөйлеу мәдениеті» курсы** айына екі рет жүргізілді. Курсқа қатысқан студенттер қазақ тілін меңгеру деңгейлерін жетілдіріп, шаршы топтың алдында сөйлеуге бейімделді. Жиналыс, дебаттарда қазақша сөйлеп, тілдерін жаттықтырды. Алдағы уақытта бұл мәселені терең қарастырып, сағатын көбейту көзделіп отыр. Курстың мақсаты: Өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін еркін меңгеруіне ықпал ету.

1. Курс студенттері өткен 2018 жылдың 18 сәуірінде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Алматы қаласы жоғары оқу орындарының өзгетілді студенттері арасында «Менің Отанымның мемлекеттік тілі» атты «Қазақ тілінен» дәстүрлі қалалық пәндік олимпиада өтті. 5 кезеңнен тұрған олимпиадаға жоғары оқу орындарынан 7 команда қатысты. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Филология және көптілді білім беру институтынан «Абай» командасы қатысып, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанып, бас жүлдені жеңіп алды. Команда үздік нәтижесі үшін Гран-При дипломымен, сыйлықпен марапатталды. Команда мүшелері: Курванжан Керимов, ұлты-ұйғыр (екі шет тілі), Мария Лаврова, ұлты- орыс, (бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі), Мафтуна Орынбаева, ұлты –өзбек, (шетел филологиясы) терең білім, ұтқыр ойларымен дараланғандары үшін жеке Алғыс хаттармен марапатталды.

2. **Кафедра 2020-2021** оқу жылынан бастап педагогикалық емес барлық мамандықтағы, орыс және қазақ бөлімдерінің 1-курс студенттеріне **«Этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі»** арнайы курсы енгізілді. Бұл пән 2018-2019 оқу жылында профессор Г.В. Канның ұсынысымен пилоттық режимде өткізіліп, оқу үдерісіне ұсынылған. Бұл жас ұрпақтың заманауи әлемде дұрыс бағдар алуына, толеранттылықты сақтауға, қазақстандық қоғамдағы рухани келісімге, Қазақстан халқының бірігу үдерісіне белсене қатысуына және азаматтық қоғамдастықтың қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Жаңа пәнді университеттің біліктіліктері жоғары профессор-оқытушылары жүргізеді. Оқыту барысында әр ұлт өкілдерінен құралған студенттердің қызығушылығын байқауға болады. Білім алушыларға арналған пән туралы арнайы бейне-ролик ұсынылып, дәріс, семинар сабақтарының тақырыптары мазмұнына қарай іріктеліп жасалды.

Бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес 2020 жылдың 27 қарашасында «Қазақстан қоғамындағы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды нығайтудағы жастардың рөлі» тақырыбындағы Республикалық дөңгелек үстел өткізу жоспарланып отыр.

3. Кафедра тарапынан көптеген ғылыми еңбектер мен мақалалар жарияланды.

Негізгі бағыты: этносаралық, конфессияаралық келісім мен толеранттылық, қоғамдық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау.

1. **Симтиков Ж.К.** Азиатское сообщество и вопросы религиозного самоопределения молодежи в Казахстане // *Proceedings of Multidisciplinary Studies for Future Asian Community Vol.3*
2. **Симтиков Ж.К., У.М. Датхаев** «Рухани жаңғыру контексіндегі ұлттық сана мәселесі» // *Vestnik KazNMU* № 4-2018 с. 326-330
3. **Симтиков Ж.К.** Өркениет көшіндегі ұлы дала тарихы ұлтты ұйыстыруға бастайды. // «Ұлы Даланың жеті қыры және қазақ философиясының өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 19 қаңтар, 2019 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 512 б. 147-150 бб
4. **Симтиков Ж.К.** Влияние Интернета и религии в развитии гражданского общества среди молодежи // *Вестник КазНПУ имени Абая «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы* Серия «Социологические и политические науки» Series of «Sociological and Political sciences» No1(65), 2019 17-25с.
5. **Симтиков Ж.К.** Актуальные проблемы политической науки в сфере образования // *Материалы Конгресса политологов Казахстана 28-29 мая 2019 г. г. Нұр-Сұлтан, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева*
6. **Симтиков Ж.К.** Достойный ответ на вызовы современности (интервью Бахтияр Тохтаунов) // *Юридическая газета 18 июня 2019 года, №45(3344)*
7. **Симтиков Ж.К.** Развитие франкофонии в Казахстане и ее культурное значение // *Материалы международной научно-практической конференции «Основные направления реализации программы действий по Международному Десятилетию сближения культур» 15-16 ноября 2018 г. 1- том., UNESCO 2018/. 254-257 стр.*
8. **Агибаев А.Б.** Важность хадисоведения // «Дінтанудың қазіргі жағдайы мен оның даму перспективалары» «Дінтану» мамандығының 20 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 16 қараша 2019 жыл, Алматы қ. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 344 б. – 17-20 бб.
9. **Агибаев А.Б.** «Попытка оживить науку хадис в Центральной Азии XX веке, о вкладе Шами-дамуллы в его развитие» // *Материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых «Фараби Әлемі», Том 2, Алматы, 6-9 апреля 2020г., «Қазақ университеті».*
10. **Оспанова Р.Р. Бекбаева Т.А.** Қоғамдық сананы жаңғыртудағы патриотизм // *ХАБАРШЫ «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, Серия «Исторические и социально-политические науки», Series «Historical and socio-political sciences» №3(66), 2020. 521 б.*

Оқу құралы:

1. **Ішпекбаев Ж.Е.** Қазақ елі: саяси-әлеуметтік рухани жаңғыру тағылымы // Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2019. -276 бет.

4. Кафедра өз қызметін жүзеге асыруда белгіленген тәртіппен университеттің құрылымдық бөлімшелерімен және басқа да ұйымдармен,

мекемелермен, зерттеу институттарымен, шетелдік серіктестермен өзара іс-қимыл жасайды.

Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты мен Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары Ассоциациясының ұйымдастыруымен өткізілген отырыстарға қатысуы:

11 маусым 2020 ж. сағат 11:00 ҚХА Ғылыми-сараптамалық кеңесінің кеңейтілген отырысы Нұр-Сұлтан қаласы. ZOOM.

10 тамыз 2020 ж. сағат 11.00-12.00 «Абай: тарих және қазіргі заман» атты дөңгелек үстел. Нұр-Сұлтан қаласы. ZOOM.

26 тамыз 2020 ж. «Әлемді аялаған сөз. Қазақстан эностарының өкілдері Абай туралы» Абайдың 175 жылдығына арналған конференция. Нұр-Сұлтан қаласы. ZOOM.

1 қыркүйек 2020 ж. сағат 16.00 Президенттің Қазақстан халқына жолдауын талқылау. **11 маусым 2020 ж.** сағат 11:00 ҚХА Ғылыми-сараптамалық кеңесінің кеңейтілген отырысы. Нұр-Сұлтан қаласы. ZOOM.

30 қыркүйек 2020 ж. сағат 15.00 «Закавказьедегі эскалацияның Қазақстан Республикасындағы этносаралық жағдайына әсері және К.Божконың қорлаушы сөздері туралы» этносаяси дискурстың отырысы. Нұр-Сұлтан қаласы. ZOOM.

22 қазан 2020 ж. сағат 15.00 «Азаматтар құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету және кемсітпеу. Қазақстанның заң шеңберінде «этникалық азшылықтар» ұғымын пайдалану туралы» этносаяси дискурстың отырысы. Нұр-Сұлтан қаласы. ZOOM.

29 қазан 2020 ж. сағат 15.00 «Қазақстан қоғамындағы ксенофобия: себептері, тұрақтылыққа ықпалы және еңсеру жолдары» этносаяси дискурстың отырысы. Нұр-Сұлтан қаласы. ZOOM.

6 қараша 2020 ж. сағат 11.00 Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары Ассоциациясының кеңейтілген отырысы. Нұр-Сұлтан қаласы. ZOOM.

12 қараша 2020 ж. сағат 15.00 «Қордай қақтығысы: себеп-салдары мен тәжірибесі» этносаяси дискурстың отырысы. Нұр-Сұлтан қаласы. ZOOM.

Хабарлама: Бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес 2020 жылдың 26 қарашасында «Қазақстан қоғамындағы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды нығайтудағы жастардың рөлі» тақырыбындағы Республикалық дөңгелек үстел өткізу жоспарланып отыр

2. Фотоесеп



1. 2018 жылғы 23 мамырда Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы ашылды.




2. 2018 жылы 23 мамырда Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде ашылуымен орай, «ҚХА XXVI сессиясы мен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Бес әлеуметтік бастамаларын жүзеге асыру бойынша міндеттер» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.






3. 2018 жылы 23 мамырда Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің өзара түсіністігі мен ынтымақтастығы туралы Меморандум




4. 2020 жылы, қазан. Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының күрделі жөндеуден өткен кабинеті






5. ҚХА кафедрасында 2020-2021 оқу жылында жаңадан енгізілген пән: «Этносаралық келісімнің Қазақстандық моделі»



6. 2020 жылы 4 ақпан. Студенттік «Бірлік» Ассамблеясы кезекті мерекелік шара өткізуде




7. 2019 жылы 5 қыркүйек. «Өссе тілім менде бірге өсемін» атты мерекелік шара





8. 2019 жылы 2 қараша. Абай атындағы ҚазҰПУ және ҚХА кафедрасының Корей орталығымен бірлескен Абай өлеңдерін мәнерлеп оқудан қалалық байқауы



9. 2019 жылы 12 желтоқсан. «Тәуелсіз елім – тірегім» атты мерекелік шара



10. 2020 жылы 4 ақпан. «Абайдың қара сөздері – халық қазынасы» тақырыбындағы танымдық кеш



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ





**Балымбаев
Назар
Албанович**



**Ішпекбаев
Жанатбек
Ешенқожаевич**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«БІР ҮЙДІҢ БАЛАСЫНДАЙ»

СТУДЕНТТІК
ONLINE ЭТНОФЕСТИВАЛІ



**Мирзоев
Князь
Ибрагимович**



**Шаһәрман
Гүлжһан Пішенбайқызы**







**Әбдіәзіев
Балтабай
Әбдіәзіулы**

30.04.2020 ж. сәт. 15:00-де


ZOOM

Идентификатор конференциі 746-9794-6517
URL шкода: <https://us04web.zoom.us/j/74697946517>





12. 2020 жылы 7 мамыр. «Ер есімі –ел есінде» ЭССЕ байқауы



Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының I курс студенті, орыс бөлімі
Волчжковская Екатерина

Эссе: "Ерлер есімі - ел есінде"

Осындай 75 жыл бұрын екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды. Миллиондаған ер адам үйлеріне оралды, бірақ миллиондаған әскери және штаттық адамдар қайтып орала алмады. Олар саяси шайқастарда, концлагер иештерін күндіз, құрлықта және бірнеше теміржол түбінде қалды.

Қазақ халқының Ұлы Отан соғысындағы ерліктері тамашаға лайық. Солдаттар мен офицерлер, жұмысшылар мен колхозшылар, балалар мен үйкентер елдерінің аяқтарына көп жауапкершілік алып қарай бектен.


Міне біздің Ұлы Отан соғысындағы жеңістен қайтып жетінші оқиғалық өтіп жатыр. Осы жылдар бойы біз қазір айдап алатын аталарымыздың ерлігі үшін мақтаншы сезімімізді бастап өткереміз. Қайғыға қатысы жоқ бірде-бір отбасы болмаған шығар-ау. Ата-әжемдік айтуымыз, біздің жерлестеріміздік тағмыс, көршілеріміздің үйлеріне де жорқыныпты хабарлар түсіп жатыпты. Соғыс күзгерлерінің айтуына қарағанда, фашистердің шабуылының кенеттен болуы аяқталып кейбір адамдарды сәтсіздіктен, сен соққандай қалыпты. Бірақ бірінші күні жауы төңірі тұрған соң біріншінен майдаға аттана бастады. Әскери болмысырға ел ерсімен соғысқа баруға өтініштер түсе бастады. Қызыл Армия ерікшілері қаралында мәнін атам, Борис Корнильевич Любченко болды. 18 жасында жасқа әскери курстардан кейін "Сталин атындағы" "Сібір өрікті гвардиялық дивизиясына" түсті. Курск доғасында соғысты. Пулеметші болды, өйткені от нүктесі жою үшін әрқашан бірінші жасада болған, екі рет ауыр жаракат алды. Бірінші рет есіне келіп, госпитальдан қашып кетіп, майдаға оралды. Ол үшін нағраза мен атак берілмеген. 1944 жылы екінші рет көптеген жаракаттарға байланысты запасқа жіберілді, өйткені аяқпен айырылған. Бірінші және екінші дәрежелі 2 Дақ орденіміз, Жауынгерлік еңбегі үшін және басқа да марапаттарға ие болды. Мәнін адам мен бірінші орында елмен да майдаға қатты. Любченко Виктор Корнильевич. Ол да Курск доғасында соғысты. 1943 жылғы ағайындар майда дүлеліміздің сүйенісінде ойға жолға қалдып қалды. Туыстары туралы бірнеше сөздер алысып үлгерді, сөйтіп олар зәңгілікке қонтылды. Өйткені кейін біраз уақыттан соң, Виктор атам Белгород үшін шайқаста қайтыс болды. Мәнін атам Борис соғыстан мүгедек болып оралды. Біз олардың ерлік іс-әрекеттері еңгешем ұмытпаймыз. Аталарымыздың ерліктері бізге үлгі болып қала бермек!



Любченко Виктор Корнильевич
(менің атаммен бірге майдаға аттанған ағасы).





Любченко Борис Корнильевич
(Мәнін атам мен жем соғыстан кейін).



14. 2020 жылы, ақпан. Алматы қалалық ҚХА хатшылығының басшысымен кездесіп, ортақ мәселелерді талқылау




15. 2020 жылы 26 тамыз. ҚХА Төрағасының орынбасары Ж.Түймебаевтың қатысуымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары Ассоциациясының кеңейтілген отырысы



16.2020 жылы 1 қаңтар. Университет көлеміндегі іс-шараларға ҚХА кафедрасының қатысуы



17. «Бірлік» Ассамблеясының студенттері еріктілер қатарында




18. «Бірлік» Ассамблеясы студенттерінің жетістіктері



Дәстүрлі ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылар:
Ахмадинова Махлиё 1 дәрежелі диплом иегері, Эм Лидия 3 дәрежелі диплом иегері



Үздік спикерлер



Абай атындағы Каз.ҰПУ
ҚХА кафедра меңгерушісі

Г. Шаһарман

Г. Шаһарман